



ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ СПОРТ ЗАЛЫНА БАРҒАН КЕЗДЕ ЖӘНЕ «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ БОЙЫНША

Нұсқаулық балалардың жарақаттану жағдайларының алдын алу және денсаулығын сақтау мақсатында мектеп жасына дейінгі балалар үшін әзірленді.

1. Спорт залға тек тәрбиешінің еріп жүруімен келіп, қайту керек.
2. Спорт залға спорттық киімде және ойыншықсыз келу керек.
3. Жаттығуларды орындау кезінде дене шынықтыру нұсқаушысының барлық талаптарын мұқият тыңдап, орындау қажет.
4. Жаттығуларды орындаған кезде сөйлесуге болмайды, өйткені бала тілінтістеп алуы мүмкін.
5. Қимылды ойындар ойнағанда бір-бірін итеруге болмайды.
6. Басқа балалар ойнап жатқан спорттық жабдықтарға жақындауға болмайды.
7. Өз кезегін күтуі керек немесе балалармен уақыт туралы келісуге болады.
8. Спорттық жабдықтарда айналысқан кезде бір-бірін итермеу керек.
9. Гимнастикалық қабырғаға асықпай көтерілу және одан түсу.
10. Спорттық жабдықтарды өзбетінше алуға болмайды.
11. Спорттық жабдықтарды рұқсатсыз жылжытуға болмайды.
12. Қақтығысуды болдырмау үшін жүгіру кезінде кенеттен тоқтамау керек.
13. Жаттығуларды бірінің артына бірі тұрып орындау кезінде қауіпсіз қашықтықты сақтау керек.
14. Спорттық жабдықтардың бұзылғанын байқаған жағдайда бұл туралы дене шынықтыру нұсқаушысына немесе тәрбиешіге айту керек.
15. Ұйымдастырылған іс-әрекет аяқталғаннан кейін бірінің артынан бірі сапқа тұрып, бір-бірін итермей, шуламай спорт залдан баяу қадаммен шығу керек.